

## Көші-қон үрдісіндегі оралмандар мәселесінің құқықтық реттелуі

Божқараұлы А.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

Проблема миграции в Казахстане характеризуется особой сложностью, так как в ней переплетены не только правовые вопросы, но и вопросы социологии, демографии, проблемы трудовых ресурсов в экономике. Юридический аспект среди них занимает особое место, так как от надлежащего правового обеспечения, регулирования и организации процессов миграции зависит решение других вопросов, имеющих значение для жизнедеятельности общества.

The problem of migration is characterizing with special complexity, as it covers not only legal aspects, but also the problems of sociology, demography, ethnogeography, the problems of labor resources in the economics. The legal aspect have the special important place, because the migration is closely connected with the legal security, regulation and organization of migration processes, from which depends other problems of essential value for living conditions of the society.

Конституцияның 13-бабының 1-тармағының нормаларына сүйене отырып, оралмандардың құқықтық мәртебесі «Халықтың көші-қоны туралы» Заңында және басқа да қолданыстағы әр түрлі заңдарда дамытылған. Конституцияның 13-бабында айтылған құқық субъектісің санаты азаматтардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі азаматтық-құқылық ұғымды құрайды.

Оралман деп жаппай саяси қуғын-сүргін актілері, заңсыз реквизициялау, күштеп ұжымдастыру ізгілікке жат өзге де іс-әрекеттер салдарынан тарихи отанынан тысқары жерге қуылған және азаматтығынан айырылған Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен ерікті түрде қоныс аударған байырғы ұлт адамы, сондай-ақ оның ұрпақтарын айтамыз.

Оралман деп танылған және тұрақты тұруға ықтиярхат алған адам Қазақстан Республикасында барлық құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе Қазақстан Республикасы азаматтарымен бірдей Конституцияда көзделген міндеттерді мойына алады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 13-бабында азаматтық құқығы және міндеттілік жүктеу қабілеті болудың (азаматтық құқық қабілеті) барлық азаматтар үшін бірдей дәрежеде танылатындығы белгіленген. Азаматтық құқық қабілеті адам туған кезден бастап пайда болады және ол қайтыс болған кезден тоқтатылады.

Азамат Қазақстан Республикасы шегінде де, сондай-ақ шет елдерде де мүлікке, оның ішінде шетел валютасына меншік құқығына, мүлікті мұралыққа алу және мұралыққа беруге; республика аумағында еркін жүру және тұратын орнын еркін таңдауға; республика шегін еркін тастап шығу және оның аумағына еркін қайта оралуға; заң актілерімен тыйым салынбаған кез келген қызметпен айналысуға; заңды тұлғаны жеке немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен бірлесе құруға; заң актілермен тыйым салынбаған кез келген мәлімдеме жасауға және міндеттемелерге қатысуға; жаңалық ашуға, ғылым әдебиет және өнер шығармаларына және өзге де ой еңбегіне жеке меншік құқығы болуға; материалдық және моральдық зардаптардың орнын толтырылуын талап етуге; басқа да мүліктік және жеке құқықтарды иеленуге құқылы [1].

Негізгі Заңда орнықтырылған адам және азаматтардың құқықтық мәртебесі Жалпыға бірдей адам құқығы туралы декларациясына негізделген және халықаралық құқықтық құжаттардың негізгі қағидаларынан туындайды.

Қазіргі заманғы халықаралық құқықта адам құқығына қатысты тұтастай құқықтық актілер кешені қалыптасты. Халықаралық құқық нормалары нақты мемлекеттегі адам құқығын тікелей реттемейді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы (1-б. 3-т.) әлемдегі барлық мемлекеттерді олардың аумағында тұратын барлық адамдардың, қандай да болсын кемсітуге жол бермеуге, сондай-ақ олардың негізгі құқылары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге міндеттейді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы шеңберінде адам құқығының құқықтық мәртебесі мәселесі бойынша «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» (1948), «Адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы», «Адамдардың азаматтық және саяси құқықтары туралы пактілері» (1966), «Балалар құқығы декларациясы» (1959), «Әйелдердің саяси құқы туралы конвенция» (1954) және басқа да бірқатар құжаттар қабылданды.

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы азаматтардың құқылары мен бостандықтарын нығайта отырып, халықаралық актілердің нормалары мен принциптеріне сүйенеді.

Жоғарыдағы аталған және басқа да халықаралық актілер мынандай негізгі құқықтар мен бостандықтарды жариялайды:

- кез келген адам өмір сүруге, бостандығына және жеке басына қол сұғылмауына құқылы;
- ешкім де азапталмауы, қадір-қасиетін кемсітетіндей алауыздыққа және жазаға ұшырамауы тиіс;
- барлық адамдар заң алдында тең, заңмен тең дәрежеде қорғалуға құқылы;
- кез келген адам тұратын орнын мемлекет шегінде еркін алмастыруға және таңдауға құқылы;
- кез келген адам өзінің, отбасының және басқаларының денсаулығын және тұрмыс жағдайын қолдауға қажетті өмірлік деңгейде еңбек етуге білім алуға, дем алуға құқылы.

Халықаралық-құқықтық құжаттар адам құқы мен бостандығын ең жоғары құндылық деп таниды [2].

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам құқығы туралы халықаралық құжаттардың негізгі идеялары мен қағидаларын қабылдады. Сондай-ақ оны мемлекеттің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып нығайтты.

Конституцияда «Адам және азамат» деген 2-бөлімінде мемлекеттің адамға және азаматқа қатынасы туралы қағида орнықтырылды. Мұнда: «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тұмысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» (12-б. 2-т.) деп көрсетуі халықаралық-құқықтық құжаттарға сәйкестендіріліп мойындалғанын айқындайды.

Қазақстанның конституциялық заң тарихында алғаш рет азаматтардың құқықтары және міндеттерімен бірге «адам құқығы» ұғымы бірінші рет танылды. Бір сөзбен айтсақ, «адам құқы» мен «азамат құқы» ұғымдары бір-біріне жақын және табиғи түрде ұштасқан ұғымдар. Азамат деген — адам. Сондықтан адамға қатыстының бәрі де азаматқа да қатысты. Алайда «азаматтық құқығы» адамның құқығымен ерекшеленеді. Өйткені мемлекет азаматқа мейлінше кең құқықтар мен бостандықтар беріп, мемлекеттің өз азаматтарына деген ерекше қатынастарына орай оған айрықша міндет жүктейді. Міне осы негізде Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке тұлғалардың құқылары мен бостандықтарын қалыптастырады. Егер құқықтар мен бостандықтар, міндеттер барлық адамға қатысты болса, онда «барлығы», «адам», «әркім», «ешкім емес» деген терминдер қолданылады. Ал құқықтар, бостандықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты болса, онда ол тура көрсетіледі [2].

Оралмандардың құқықтық мәртебесін анықтағанда Қазақстан Республикасындағы адам және азамат құқықтары туралы конституциялық нормаларды жан-жақты талдауға тура келеді. Сонымен қатар басқа да көші-қон үрдісі барысында қабылданған заңдардың негізгі нормалары Қазақстанға қоныс аударған оралмандар үшін қаншалықты заңды екендігін алып қарайық.

Қазақстан Республикасында көші-қон мәселесі жаңадан пайда болды деуге болмайды. Көші-қонның алғашқы легі 1959–1966 жылдар аралығында республикаға қоныс аударды.

Осы мәселе бойынша оның заңды негізі сол кездегі жабық қоғамның күрделі жағдайында, нақты конфиденциалдық түрде, партияның араласуымен, КСРО мемлекеттік және заң органдарының қадағалауымен жүзеге асырылды [3].

Көші-қонның екінші ағымы 1990 жылдары әлемдегі социалистік деп аталып келген мемлекеттердің ыдырауы мен КСРО-ның құлауы нәтижесінде пайда болды.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдары көші-қон үрдісін реттейтін заңдылықтар жоқ болды. Оралмандарға қатысты маңызды мәселелерді уақытша реттейтін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Үкімет қаулыларына сүйеніп, жұмыс жасады. Ол құқықтық актілерді төмендегідей топқа бөлуге болады: Қазақстан Республикасының «Көшіп келу туралы» Заңы, № 1437 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен 1992 жылы 26 мамырда қабылданды. Заң уақытша сипатқа ие болды. Ол заңды күшіне 1992 жылы 1 желтоқсанда енді. Заңның 1-бабында «Қазақстан Республикасының азаматтары республика ішінде тұрғылықты жерін ауыстыруға, басқа елге қоныс аударуға және қайтып оралуға құқылы. Шетелде тұратын отандастар өздерінің ата қонысы — Қазақстан Республикасына еркін орала алады» деп айқын көрсетті.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып, саяси еркіндікке ие болуы, тарихи отанымен шеттеп кетуге мәжбүр болған отандастарымыз үшін өте үлкен жаңалық еді.

Сондай-ақ республикамыздағы көші-қон үрдістеріндегі көкейтесті мәселелер мен болашақ бағдарлар тұрғысында Қазақстан Республикасының Президенті бірнеше Жарлықтар шығарды. Олар:

біріншіден, «Шетелдердегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» № 3308 Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы (13.12.1996 ж.). Бұл бағдарламада шет елде өмір сүретін отандастарымызбен жүргізілетін бірқатар шараларды айқындап берді. Мұнда олардың әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени сұрақтарын зерттеуге, қазақтарды ары қарай дамыту перспективасын анықтады.

Екіншіден, «Көші-қон саясатының 2000 жылға дейінгі бағыттары» атты Қазақстан Республикасының Президентінің № 3419 Жарлығы (19.03.1997 ж.). Бұл бағдарламада қазақтардың тарихи Отанына көшіру сұрақтарын шешуге бағытталған, сондай-ақ олардың жаңа этникалық ортада бейімделу мәселелері қамтылған.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі де көші-қон үрдісіндегі оралмандар мәселесіне ерекше назар аударып, оларды құқықтық реттеуді жетілдіру үшін 1992 жылғы 1 қарашадағы Қазақстан Республикасының Министрлер Кеңесінің «Көші-қон туралы» № 1055 Қаулысын қабылдап, Еңбек министрлігінде Көші-қон департаментін құрды.

Сонымен қатар 1992 жылғы 23 қарашада Қазақстан Республикасының Министрлер Кеңесінің «Шетелдегі қазақ диаспораларының Қазақстан Республикасына келуіне байланысты әлеуметтік-экономикалық қамтамасыз ету туралы» № 791 Қаулысын қабылдады. Бұл Қаулыларға негізделіп Қазақстанның түрлі аймақтарында қоныс аударушы оралмандардың рухани өмірі мен әлеуметтік, шаруашылық салаларында оларды орналастыру мен нақтылы іс-қызметтің жүйесі жүзеге аса бастады.

1991 жылы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Министрлер Кеңесінің «Азаматтық құжаттамалар туралы» № 711 Қаулысы қабылданды. Осы құжат бойынша қоныс аударушы оралмандар (репатрианттар) Қазақстан Республикасында азаматтығы жоқ тұлға ретінде тұру құқығына ие болды.

Жалпы алғанда жоғарғы аталған құжаттар жоғары деңгейде болмаса да адаптация, немесе ортаға бейімделу, сипатындағы құжаттар бойынша оралмандардың күнделікті өміріне нақты әсер ететін, кейінге қалдыруға болмайтын көптеген сұрақтарды осы актілер бойынша реттеп отырды. Атап айтсақ, олардың көбі тұрғын үй және материалдық көмекпен қатар әлеуметтік көмек ретіндегі өтемақы, балалар үшін көмек, тегін медициналық көмек, тұрғылықты жерінде тегін білім алу сияқты жеңілдіктерге ие болды.

Осымен қатар көші-қон саласында толық заңдылық актілер пакетінің жоқ болуына байланысты бірқатар келеңсіз жағдайларға жол берілді. Оралмандарға берілген «азаматтығы жоқ тұлға» мәртебесі оралмандардың өтпелі кезеңдегі жекешелендіру үрдісіне қатысу құқығынан айырды. Оралмандардың бұл ахуалы 1992 жылдың басынан көріне бастады. Олай дейтініміз республикада жаңа заңдардың қабылдана бастауына сәйкес жоғарыдағы аталған Жарлықтар, Қаулылар, әр түрлі уақытша ережелер өзінің заңды күшін жойып алды. Ал көші-қонға байланысты заңдылықтар алаңында «бос кеңістік» пайда болды. Осыған орай көптеген оралмандар заңды түрде қорғаусыз жағдайда қалды.

Оралмандардың мәселесін реттеуші арнайы заңдарды қабылдау заман талабына сай келді. 1997 жылы 13 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» қабылдаған Заңы оралмандардың құқықтық мәртебесін жан-жақты анықтаған алғашқы құқықтық құжат болып табылады. Бұл заң 1992 жылғы заңмен салыстырғанда анағұрлым жоғары екендігін көруге болады. Себебі жаңа заң Қазақстанның кең көлемдегі қауымдастығы мен шетелдегі қазақ диаспорасымен, оралмандармен жылы қабылданды. «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының негізгі құзыреті көші-қон саласы бойынша халықаралық заңдылықтардың қойған базалық талаптарына толығымен жауап береді. Ол 7-і бөлім және 41 баптан тұрады [4].

Заңның 1, 3 және 4-тарауларында оралмандардың құқықтық мәртебесі анықталып, олар үшін жаңа ортада бейімдеуге негізделген саяси, әлеуметтік, кәсіпкерлік, тілдік және мәдени салаларында бейімделу жолдары мен қаржы көздері анықталды.

Бұл заңның 9-бабында оралмандарды көшіріп алу Қазақстан Республикасының Үкіметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті әрбір күнтізбелік жылға көшіп келу квотасын белгілеуі арқылы жүзеге асырылады делінген. Ал квота бойынша келген оралмандар мемлекет тарапынан тұрғын үй және материалдық көмектер алуға, жеңілдіктер басқа да атаулы көмектердің түрлерін пайдалану құқығына ие болды.

Осындай оралмандардың үміт күттірерлік құқықтық мәртебесін анықтаған 29-бапты атап өтейік. Мұнда оралмандар үшін нақты жеңілдіктердің түрлері мен өтемақылар көрсетілген. Сондай-ақ тұрғын үй сатып алуға қаражат, бір жолғы жәрдемақылар, жер учаскелерін, соның ішінде оралмандардың

жинақы тұруына арналған жер учаскелерін алуға, жеке тұрғын үй құрылысы мен шаруашылығын ұйымдастыру үшін ұзақ мерзімді жеңілдетілген несиелер бөлуді көздеген баптар енгізілді.

Заң бойынша квотамен келген оралмандарға шекара арқылы кеден төлемсіз салық салынбай өтуін, қоныс аударушылардың уақытша немесе тұрақты тұратын жеріне тегін жетуін және мүлкін тегін жеткізуді қамтамасыз етуді қарастырған баптармен қатар, тегін оқу медициналық көмек алу сияқты бірқатар мәселелер бойынша оралмандар үшін үміт күтерліктей жаңа нормаларды бекітті.

Осы сияқты қатынастармен қатар, оралмандар үшін Қазақстан территориясында адам құқығының жалпыға бірдей принципін реттеу барысында олардың тұрғылықты жерін еркін таңдау құқығы (Конституция 21.1), әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы (Конституция 24.1) және де басқалармен бірдей дәрежеде заңды тұлға ретінде мүлктік қатынастарға араласу құқығы берілген.

«Халықтың көші-қоны» Заңының 16-бабында «репатриант (оралман), мәжбүрлі қоныс аударушы, реэмигрант немесе босқын деп танылған адамдардың әрқайсысына куәлік берілетінін және олардың құқықтық мәртебесі анықталатыны» туралы айтылған.

Адамды оралман, мәжбүрлі қоныс аударушы, реэмигрант немесе босқын деп тану туралы шешімді жергілікті уәкілетті органның тиісті аумақтық қызметкері сол адамнан өтініш түскен кезден бастап отыз күн ішінде қабылдайды [4].

Оралман, мәжбүрлі қоныс аударушы, реэмигрант немесе босқын деп танудан бас тартылған жағдайда, оған шешім қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде жазбаша хабарлама береді. Егер аталған адам Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, оған бас тартудың себептері мен қабылданған шешімге шағымдану тәртібі Көрсетіліп, жазбаша жіберіледі.

Заңның 16-бабының 4-тармағында «Адам өзін оралман, мәжбүрлі қоныс аударушы, реэмигрант немесе босқын деп танудан бас тарту туралы шешімге жазбаша хабарлама алған күннен бастап бір ай ішінде жоғары тұрған уәкілетті органға немесе сот тәртібімен шағым жасай алатыны» туралы көрсетілген.

Егер ол адамды оралман, мәжбүрлі қоныс аударушы, реэмигрант немесе босқын деп танудан бас тарту туралы шешім алғаннан кейін, оны Қазақстан Республикасының аумағынан кетуін ұйымдастыру үшін құжаттарды тиісті ішкі істер органдарына жібереді. Алайда өзін оралман, мәжбүрлі қоныс аударушы, реэмигрант немесе босқын деп тану туралы өтініш жасаған адамның уәкілетті органның шешіміне шағымданған кезде ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасынан кетіруді ұйымдастыру жөніндегі іс-әрекеті тоқтатыла тұрады.

Оралмандар құқықтық мәртебесін зерттеу барысында қалыптасып отырған бірқатар мәселелер анықталды.

*Оралмандардың бірінші кешенді мәселесі* — Қазақстан Республикасының азаматтық мәселесіне байланысты. Аталған заңды түрдегі оралмандардың қазақстандық азаматтығының болмауына байланысты төмендегідей жағдайға түсіп отыр:

мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттік органдарына сайлануға, сайлауға және де республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ (Қазақстан Республикасының Конституциясының 33-б. 2-т.).

*Оралмандардың екінші кешенді мәселесі* — мүлктік құқықтық қатынастарда құқықтық субъектілігі болмауына байланысты. Қазақстан Республикасының заңдылықтарында бұл құқықтың де-юресі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 3-бабының 7-тармағында көрсетілген. Мұнда «Егер заң құжаттарында өзгеше көзделсе, шетелдік жеке азаматтар және заңды тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар азаматтық Қазақстан Республикасының азаматы мен заңды тұлғалары үшін қандай құқықтар мен міндеттер көзделсе, нақ сондай құқықтарға ие болуға құқылы және сондай міндетті орындауға міндетті» деп бекіткен. Жалпы Халықаралық заңдылықтарда репатриант ерекше заңды субъекті болып табылады. Көптеген мемлекеттерде оралман сол елдің азаматтарымен бірдей құқыққа ие болып, міндеттерді атқарады. Репатрианттардың басқа субъектілерден айырмашылығы, өз мемлекеттің өзінің қалауы бойынша тастап кетпегенінде болып отыр [5]. «Репатриант» ұғымы қолданыстағы көші-қон заңдылығында оралман терминімен ауыстырылып отыр.

Бұл ерекше мәртебе Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілмеген. «Халықтың көші-қоны» туралы Қазақстан Республикасының Заңының 29-бабындағы көрсетілген 14 түрлі жеңілдіктер оралмандардың жағдайы үшін жақсы бекітілген. Бірақ басқа заңдармен бекітілмегендіктен, оң шешімін таппауда. Мысалы, 1995 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президентінің заң күші бар «Жер туралы» Жарлығының 1-бабының 15-тармағына сәйкес Қазақстан

Республикасының азаматтағын қабылдамаған оралман жер қатынастарына субъекті ретінде қатынаса алмады. «Жаңа жер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында оралмандарға жер учаскілерін беру туралы арнайы бап енгізді. Мұнда оралмандарға өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын жүргізу, бағбандық және саяжай құрылысы үшін жер учаскілерін беру селолық елді мекендердің жерінен, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерден, көшіп келушілердің жер қорының, арнайы жер қорының жерінен және босалқы жерден өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығымен жүзеге асырылады.

Берілген жер учаскелері Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін, белгіленген тәртіп пен жағдайларда олардың жеке меншігіне өтеді деп көрсетті [6].

*Оралмандардың үшінші кешенді мәселесі* — жұмыссыздыққа байланысты. «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 29-бабының 4-тармағында «оралмандардың жұмысқа орналасуына, біліктігін арттыруына, жаңа кәсіпті меңгеруіне, оралмандарды жұмыссыз ретінде тіркелуіне, тұрған мерзіміне қарамастан, жұмысқа орналастыру мүмкін болмаған жағдайда жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуына көмек көрсету» туралы жазылған.

Осы заңның негізгі тармағы қазірше әлі шешімін таппаған, реттелмеген. Оралмандарды жұмысқа орналастыру, біліктігін арттыру, аттестациялау, жаңа кәсіпті меңгерумен ешкімнің жұмысы жоқ. Көші-қон ісімен айналысатын мемлекеттік органдар көбіне келген оралмандарды тіркеумен, есеп жинау жұмысын ғана өздерінің міндетті санайды.

Осы мәселе бойынша шетелдіктер қалай жұмыс жасайды екен соған назар аударайық. Мысал ретінде Израильде еврейлерді өз тарихи отанына тарту үрдісі қызу жүруде. 1999 жылдың өзінде 4000 отбасы Эфиопиядан Израильге қоныс аударған [7]. Қоныс аударған иммигранттарды жергілікті мемлекеттік орындарға уақытша орналастырып, оларға көптеген қызмет салалары бойынша жеңілдетілген қызмет көрсетеді. Мұнда сауықтыру орталығы, ортамен таныстыру, балабақша, ясли т.б. көптеген жұмыстарды жүргізеді. Үкіметтің жан-жақты мырзалық көмегімен қарыздар мен алымдардан, тұрғын үй құрылыстарынан, келген иммигранттар тұрақты орнын тез тауып алады.

Алғашқы жабдықтау және қамдау: иммигранттардың жаңа легі келгеннен бастап медициналық байқаудан өтіп, қазіргі кезеңдегі қоғам өмірімен таныстырылады. Бұған сауықтыру орталықтары, банкілер, телефон және т.б. Сонымен қатар иммигранттарға үйге қажетті негізгі жабдықтарды тегін береді, оған: күнделікті қолданысқа ең қажетті тоңазытқыш, телевизор, пеш, көрпе-жастық, үстел және орындық, кастрюльдер, тарелкалар т.б. кіреді.

Жұмыспен қамту мәселесі. Ортаға бейімдеу кезінде иммигранттарды жаңа еңбек әлеуетін көбейту арқылы Израиль экономикасын жақсарту үшін бағыттайды және жаңа иммигранттардың кәсіптік потенциалын реттеу жағдайын қамтамасыз етеді. Бұл қызметтер келесі бағыттар бойынша жүзеге асады:

- 1) оқымысты иммигранттарды жоғары оқу және зерттеу институттарында пайдалану;
- 2) инженерлік кадрлерді қайта мамандыру жүйесімен дамыту;
- 3) репатрианттар арасынан өнер қайраткерлерінің шығармашылығын қолдау және шығаруды қамтамасыз ету;
- 4) барлық мамандар саласында, әсіресе медицина саласындағы қызметкерлерден тұратын иммигранттарды сәйкес сертификаттарды алу үшін аттестация ұйымдастырып, олардың лицензия алу кезінде көмек көрсету арқылы жұмысқа тарту;
- 5) экономика, туризм және құрылыс салаларындағы жұмыс істейтін кәсіби мамандарға жан-жақты көмек көрсету;
- 6) кіші бизнес және жеке шығармашылықты дамыту сияқты жеңілдіктер беріледі.

Осы Израиль тәжірибесінен көріп отырғандай, иммигранттарға жан-жақты жағдайлар жасау заңдармен бекітілген [7]. Елімізде шетелдердегі озық тәжірибелерді көші-қон үрдісіне пайдалану, оралмандарға жағдай жасауды құқықтық тұрғыдан заңдастыруды және қолданыстағы көші-қон заңын жетілдіру қажеттігін көруге болады.

Қазақстанда оралмандарды жұмыспен қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік қолдау көрсету қажет. Көптеген жағдайда оралмандар орыс тілін білмеуі, Қазақстан қоғамын толық түсіне алмауына байланысты және өздерінің құқыларын толық білмейтіндіктен, олар өз бетінше жұмыс таба алмауда.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тоқтатқан ережеге байланысты шетел азаматтары еңбек биржасына тіркелу құқығына ие бола алмауда. Оралмандар өздерінің ресми бекітілген мәртебесін ала алмағандықтан, шетелдіктер санатына жатады.

Оралмандардың жұмыс істеу және жұмыссыздық проблемасын қолөнер, ұлттық үлгідегі істелетін кілем тоқу, тері илеу, тағы басқа шаруалар арқылы шешіп, осы тектес кәсіпорындарды ашу үшін ұзақ мерзімді несие беріп, жұмыспен қамтуға әбден болар еді. Республика банктері оралмандарға несие беру үшін олардан мүліктік кепілдік сұрайды. Ал ондай материалдық игіліктер оралмандарда жоқ.

Сол себепті Қазақстан Республикасының Конституциясының 24-бабының 1-тармағындағы бекітілген: «Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы бар...» делінген конституциялық құқыларын көптеген оралмандарымыз пайдалана алмауда.

*Оралмандардың төртінші кешенді мәселесі* — зейнетақы мен жәрдемақыға байланысты. «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 29-бабының 7-тармағында «Қазақстан Республикасының заңдарына немесе халықаралық шарттарға сәйкес зейнетақы мен зейнетақы төлеуді қамтамасыз етеді» делінген [4].

«Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңының» 2-бабында: «Қазақстан Республикасының аумағында тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар, егер заңдарда және халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандыру құқығын пайдаланады» [8], — деп көрсеткенімен, оралмандардың орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауда көптеген қарама-қайшы жағдайлар туады.

Оралмандарға Қазақстан Республикасынан тағайындалатын зейнетақы мөлшері ең төменгі мөлшермен есептелінеді. Олардың бұрынғы төтенше және қатерлі жерлерде ауыр дене жұмыс істегендері есепке алынбайды. Сондықтан, көші-қон үрдісіне қатысушы-мемлекеттерден оралмандарды көшіріп алған кезде, олардың барлық құжаттарын заңдастырып, зейнетақы тағайындауға қажетті құжаттарды дайындап, қазіргі кезенге сай зейнетақы тағайындаса, оралмандардың әлеуметтік мәселесін шешуге өз үлесін қосар еді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі. — Алматы: Жеті жарғы, 2000. — 12-б.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы (өзгерту мен толықт. енгізіл.). — Алматы: Жеті жарғы, 2008.
3. *Шестак А.Д.* Основы правового регулирования процессов миграции в СССР: Автореф. дис. — М., 1998. — 15 с.
4. Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» 1997 жылдың 13 желтоқсандағы Заңы [http://www.prg.kz/jurist\\_2010](http://www.prg.kz/jurist_2010)
5. *Батталова З.* Совершенствование правового регулирования вопросов миграции — необходимое условие сохранения внутривосточной стабильности: Материалы семинара «Миграция в Казахстане: настоящее и будущее». — Астана, 2000. — С. 30–33.
6. Қазақстан Республикасының «Жер туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. — 2001. — 6 ақп.
7. *Айзен Вивен.* Интеграция в Израиле: Материалы семинара «Миграция в Казахстане: настоящее и будущее». — Астана, 2000.
8. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңы. — Алматы: Жеті жарғы, 1997. — 7-б.